

Ембідегі фонтан ағысы

«Менің бақытты балалық шағым» байқауы / Конкурс «Мое счастливое детство»

Жаңа экологиялық кодекс біз үшін қандай болмақ?

Зейнетақы жинақтарына тұрғын үйді сатып алу мүмкіндігіне кімдер ие?

4

5

6

7

Ембі ТЫНЫСЫ

№10 (50)
мамыр
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Құрметті әріптестер!



Сіздерді күллі мұсылман қауымы тойлап жатқан - елдің бірлігі мен ынтымағын арттыратын, бірлігімізді күшейтетін, барша ағайынды қайырымдылық пен мейірімділікке шақыратын ұлық мейрам – Ораза айт мерекесімен құттықтаймын. Қасиетті Рамазан айында тілеген тілектеріңіз қабыл болсын.

Қадірлі ембіліктер!

Қазіргі коронавирус пандемиясының таралуына орай Компания қолға алған іс-шараларға байланысты сіздер өз отбасыларыңызда, балаларыңыздың жанында көбірек уақыт өткізуге мүмкіндік алдыңыздар.

Сіздерді және балаларыңызды оқу жылының аяқталып, жазғы каникулдың басталуымен және келе жатқан 1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Жыл сайын Халықаралық балаларды қорғау

күні қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ өз қызметкерлері балаларының арасында «Менің бақытты балалық шағым» байқауын ұйымдастырып келетінін білесіздер. Шығармашылықтың балалардың жан-жақты дамуы үшін маңыздылығын ескере отырып және балалардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында Компания биыл да осы байқауды онлайн форматында ұйымдастыруды жөн көрді.

Мұнда олар еліміздің мұнай-газ саласының тарихы, Ұлы Жеңістің 75 жылдығы туралы өз ойларын келтіріп, ата-аналарының ел экономикасының дамуына қосып жатқан үлесін бала тілімен жеткізуге мүмкіндік алады.

Үздік жұмыстарды қазылар алқасы таңдайтын болады. Байқауға түскен жұмыстар балалардың жас ерекшеліктері бойынша сараланады.

Балалардың шығармашылық байқауына жұмыстар 2020 жылдың 3-тамызына дейін қабылданады. Карантиндік шаралар толық аяқталған жағдайда байқау ағымдағы жылдың тамыз айында қорытындыланып, үздік жұмыстардың авторлары марапатталады.

Балаларыңыздың дендеріне саулық, әр бастамаларына сәттілік және бақытты балалық шақ тілей отырып, шығармашылық байқауға белсенді атсалысуға шақырамын!

Байқау шарттарымен 5 беттен толық таныса аласыздар.

Құрметпен,
Есен ҚАЙЫРЖАН,
Басқарма төрағасы.

Аймақ жаңалығы

Вице-премьердің оң бағасы

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов бастаған үкіметтік делегацияның қатысуымен өткен Атырау облысындағы эпидемиологиялық жағдай жөніндегі жиынға қатысып, Компания бойынша коронавирус пандемиясының алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Сонымен қатар, компания қызметін қамтамасыз етудегі бірлескен жұмысы үшін Атырау облысының басшылығына алғыс білдірді.

(Жалғасы 2 бетте)



ҚМГ топ-менеджерлердің жалақысын қысқартып, сыйақыдан бас тартты



Жуырда Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры Дәулетжан Хасановтың дағдарысқа қарсы стратегияны іске асыру аясындағы кадрлық саясат мәселелері бойынша брифингі өтті.

Спикер сөзінің басында бірінші тоқсанның нәтижесі бойынша компанияның табысы өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3 есеге қысқарып, ал кейбір еншілес кәсіпорындардың шығынға тап болғанын хабарлады. Осыған байланысты, қаржылық жағдайды тұрақтандыру және нарықтық жағдайдың теріс әсерін төмендету үшін «ҚазМұнайГазда» дағдарысқа қарсы стратегия жасақталуда. Бұл стратегия компанияға шығындарды азайтуға және дағдарыстан кейінгі кезеңде тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, Компания бизнес-үдерістерді оңтайландыруды жүргізуде және дағдарыс кезінде өзектілігін жоғалтатын көптеген жобалар мен іс-шараларды іске асыру жөніндегі жоспарларын қайта қарастыруда.

Дәулетжан Хасановтың айтуынша, шығындарды оңтайландыру бірінші кезекте басшылықтың жалақысынан басталды. Компанияда 12 мамырда лауазымдық жалақылардың жаңа жүйесі бекітілді. Ол басқарма төрағасы мен орынбасарлардың жалақысын 30%-ға қысқартуды көздейді. Сонымен қатар, басқарушылық лауазымдарды қысқарту және қызметкерлерді төменгі лауазымдарға тағайындаумен байланысты орта буын басшыларының жалақысы 20%-ға дейін төмен-

дейді. Қатардағы қызметкерлердің жалақысы бұрынғы деңгейде сақталады. Нәтижесінде, 2020 жылы сыйақы мен бонус-тардан бас тартуды ескергенде, ҚМГ орталық аппаратының басқарушы қызметкерлерінің кірісі 50%-дан астамға азаяды.

Бұған дейін хабарланғандай, дағдарысқа қарсы стратегияны іске асыру аясында ҚМГ орталық аппаратындағы қызметкерлер саны 34%-ға, 729-дан 480 адамға дейін оңтайландырады.

Басқарушы директорының айтуынша, босатылатын қызметкерлердің 90% ҚМГ жүйесінен кетеді. Еңбек нарығындағы жағдайды ескере отырып, «Самұрық-Қазына» қорының тапсырмасы бойынша қызметкерлерді әлеуметтік-жауапты босату бағдарламасы әзірленді. Ол компенсациялық төлем жиынтығын және аутплейсмент бағдарламасын қамтиды.

Компенсациялық төлем жиынтығы:

- 3 айлық жалақы мөлшеріндегі біржолғы төлемді;
- табысынан айырылған өтемақы ретінде 6 ай бойы қаржылық қолдауды;

- 2021 жылғы ақпан айына дейін компания есебінен медициналық сақтандыру қызметтерін пайдалану құқығын қамтиды.

Өз кезегінде ҚМГ аутплейсмент бағдарламасы осы саладағы консультанттардың қатысуымен бірқатар шараны қарастырады. Консультанттар қызметкерлерге өздерінің мықты тұстарын, еңбек нарығындағы қазіргі сұранысты талдауға және жеке даму жоспарларын жасауға көмектеседі. Олар қызметкерлерге сұхбат кезінде өзін қалай ұстау керектігін, түйіндемені дұрыс толтыруды және т.б. үйретеді. Сондай-ақ, қызметкерлердің барлығы топтық оқудан өтеді. Осының барлығы олардың болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

- Бұл әлемге таралған тәжірибе болғанымен, ҚМГ - өзінің бұрынғы қызметкерлерін қолдау үшін осындай бағдарламаны енгізген алғашқы қазақтандық компания деуге болады. Қызметкерлерді оңтайландыру әрқашан ауыр және жағымсыз процесс екенін жақсы түсінеміз. Мұндай жағдайда кейбір адамдар әрмен қарай не істеу керектігін, қайда баратынын білмей, сасқалақтап қалуы мүмкін. Біздің міндетіміз - оларға көмектесу, — деді Дәулетжан Хасанов.

Аймақ жаңалығы Вице-премьердің оң бағасы

(Жалғасы. Басы 1 бетте)

Жиын барысында вице-премьер «Ембімұнайгаз» АҚ-ның төтенше жағдай мен карантин режимі кезінде қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жұмысына оң баға берді.

Жиында аймақта эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру, сондай-ақ, жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздыққа жол бермеу бағытындағы «Жол картасы — 2020» бағдарламасының орындалу мәселесі қаралды.



Құрметті әріптестер!

Жаһандық дағдарыс – коронавирус пандемиясына қатысты елімізде жарияланған төтенше жағдай режимі 11-мамыр күні аяқталды. Алайда, карантин режимі сақталып отыр. Осыған орай, «Ембімұнайгаз» АҚ-да денсаулықты сақтау, пандемияның алдын алу мақсатындағы әлеуметтік шектеулердің сол күйінде сақталатынын ескертемін.

Өздеріңізге дер кезінде хабарланғандай, елде төтенше жағдай енгізілген сәттен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ-да сақтандыру шаралары дереу қолға алынды. Жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өндіріс үдерісін тоқтатпау мақсатындағы қолға алынған іс-шараларды реттеп отыру үшін Компанияның жедел штабы құрылып, кешенді шаралар жоспары жасақталынған болатын. Осы жоспарға сай, еңбек вахтасындағы жұмысшылар саны оңтайландырылып, вахта уақыты 56 күнге дейін ұзартылды. Уақытылы қабылданған іс-шаралардың арқасында вахтадағы компания жұмысшылары расында COVID-19 инфекциясын жұқтыру жағдайы тіркелген жоқ.

Елдегі төтенше жағдай режимі аяқталуына орай, Атырау облысының бас санитарлық дәрігерімен және өңірлік оперативтік штабпен келісіле отырып, 11-мамыр күні 56 күндік вахта аяқталып, Компанияда жұмысшыларды ауыстыру туралы шешім алынды. Екі айлық өндірістегі үздіксіз жұмыстан кейін ембілік мұнайшылар үйлеріне қайтты. Олардың орнына келесі ауысым вахтасы жұмысқа кірісті.

Елдегі төтенше жағдай мен карантин кезінде Компанияда өндіріс қызметін тоқтатпауда, жұмысшылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатындағы шараларды нәтижелі етуде жедел штаб пен өндірістегі жауапты мамандар кәсібилік таныта білді. Вахта кезінде еңбек тәртібі мен жоға-

ры шылдық көрсеткен барлық жұмысшыларға алғыс айтамын.

Әріптестер!

Бүгінде төтенше жағдай аяқталғанмен карантин режимі сақталатынын қаперлеріңізге беремін. Өндірістегі еңбек тәртібін қатаң сақтап, компанияның жедел штабы бекіткен сақтандыру шараларын толықтай бұлжытпай орындау қатаң бақылауда ұсталынады. Әлеуметтік оқшаулау талаптары сол күйінде жалғасады. Сіздерді шектеу талаптарын мүлтіксіз орындауға шақырамын. Вахта кезінде әрбір маман өзіне үлкен жауапкершілікпен қарап, еңбек тәртібін ерекше сақтауы тиіс. Еңбек тәртібін бұзатын келеңсіз әрекеттерге (ішімдік ішу, сақтандыру шараларын орындамау, жұмысқа уақытылы шықпау т.б.) жол берген, ұжым арасында жалған ақпарат таратып, дүрбелең тудырған әрбір қызметкерге қатаң шара қолданатынын ескертемін. Сіздерді тек Компанияның ресми интернет-ресурстарында жарияланған ақпарат көздеріне сенуге шақырамын. Бүгінгі қиын-қыстау кезеңде біз тек ұйымшылдық, татулық, үлкен жауапкершіліктің нәтижесінде ғана уақытша дағдарыстан абыроймен шығатынымызды ұмытпаңыздар.

Карантин режимі толық аяқталғанға дейін сіздерді отбасылық іс-шараларды өткізуге, көпшілік жиі жиналатын орындарға баруға, туған-туыстармен, әріптестермен, достармен кездесуге шектеу қоюға шақырамын. Бұл шаралардың барлығы да сіздердің, отбасыларыңыздың саулығы және келесі еңбек вахтасына аман-есен қосылуыңыз үшін жасалып отырғанын есте ұстаңыздар. Бұл, ең алдымен, өздеріңізге байланысты. Біз сіздерге сенім артамыз!

Сіздерге мықты денсаулық және үлкен төзімділік тілеймін.

Құрметпен,

Есен ҚАЙЫРЖАН,

Басқарма төрағасы.



**Вахтада
вирусқа
жол жоқ**

Компанияда жасақталып, бекітілген және Атырау облысының бас санитарлық дәрігерімен келісілген талаптарға сай «Ембімұнайгаз» АҚ COVID-19 инфекциясын болдырмау мақсатында вахта жұмысына кіретін барлық жұмысшыларға ПЦР- тест сынағын ұйымдастырды.

Құлсары қаласындағы жұмысшыларға жасалған тест сынағын қорытындысы бойынша 12 мамыр күні кешкі сағат 21.45-те «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бір қызметкерінде коронавирус инфекциясының белгісі анықталды. Аудандық санитарлық эпидемиологиялық стансасына хабарлағаннан ке-

йін, сол күні сағ. 24.00-де қызметкер мамандандырылған стационарға жатқызылды. Байланыста болған барлық адамдар анықталды. Жылыой аудандық санитарлық эпидемиологиялық стансасының келісімімен тесттік сынақтың қорытындысы бойынша «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-да вахта ауысымы жалғасты.

Бүгінгі таңда, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2222 қызметкері ПЦР – тест сынағынан өтті. Сонымен қатар, вахталық поселкелердің қызметін қамтамасыз ететін мердігер мен

сервистік мекемелердің қызметкерлері де міндетті түрде тест сынағынан өтуде.

Мамандарды тесттік сынақтан өткізу шарасы кестеге сай Атырау қаласы мен Жылыой ауданының Құлсары қаласындағы «Олимп» диагностикалық зертханасында дистанциондық талапқа сай жүргізіліп отыр.

Өндірістік құрылымдық бөлімшелердің жұмысшыларын кең қамту үшін жылжымалы зертхана Аққыстау ауылы, Мақат, Доссор кенттерінде және Жамансор стансасында ұйымдастырылуда.

Ембідегі фонтан ағысы

«Ембімұнайгаз» АҚ-да ресурстық базаны ұлғайту жұмыстары жалғасуда. Бұл жолы Сағи-долла Нұржанов кен орнының солтүстік-батыс бөлігінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу барысында табысты нәтижелерге қол жеткізілді.

- Негізінен байырғы кен орындарды игеретін компанияның басым міндеттерінің бірі ресурстық базаны ұлғайту болып табылады. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде С.Нұржанов кен орнының бұрғыланбаған бөлігіндегі триас шөгінділерінде 3252-3265 м тереңдікте жаңа өнімді горизонт анықталды. НСВ-11 бағалау ұңғымасын бұрғылау қорытындысы бойынша 9 мм штуцерде тәулігіне 165 м³ дебитпен сусыз мұнай бұрқағы алынды (мұнайдың үлес салмағы – 0,836 г/см³; газ факторы – 105 м³/м³). Қазіргі уақытта мұнда ұңғыма жұмысының оңтайлы режимін анықтау мақсатында кәсіпшілік-геологиялық және гидродинамикалық зерттеулер кешенін жүргізу арқылы сынақ жұмыстары жалғасуда, - деп атап өтті «Ембімұнай-

газ» АҚ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН.

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылы Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы қолданыстағы С.Нұржанов, Кенбай (Шығыс Молдабек учаскесі), Досмұхамбетов, Ботахан және қайта ашылған Батыс Қарасор (1,4 млн.тн) кен орындарында 14,8 млн тн көлемінде қорды балансқа алып, бекітті. Нәтижесінде, «Ембімұнайгаз» АҚ мұнайының алынатын қоры 2020 1-қаңтардағы жағдай бойынша 86,2 млн тоннаны құрады. Ал, өткен жылғы есептік кезеңде бұл көрсеткіш 74,3 млн тонна болған еді.

Сол кезде атап өтілгендей, қор өсіміне байырғы кен орындарын игеруге оңтайлы көзқарас пен жаңа әдістер мен технологияларды қолдана отырып, белсенді барлау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде қол жеткізілді.



Қайырымдылық

Мақтарал: ембілік мұнайшылардың кезекті көмегі

ЕМГ ұжымы «Bizbirgemiz» жалпыхалықтық акцияға қолдау көрсетуді белсенді жалғастыруда. Бұл жоғы көмек су тасқынынан зардап шеккен оңтүстік өңір жұртшылығына жолданады.

- Түркістан облысы Мақтарал ауданы тұрғындарының бүгінгі қиын жағдайына ұжым бей-жай қарай алмады. Оларға қолдау көрсету мақсатында ембілік мұнайшылар аз уақыт ішінде өздерінің жалақылары есебінен 4 миллион теңгеге жуық қаражат жинады. Қаражат «Birgemiz-Atyrau» қоғамдық қоры арқылы су тасқыны-

нан зардап шеккен тұрғындарға жұмсалмақ. Ұжым мүшелерінің қолдауға зәру ағайынға әрдайым көмек қолын соза білетін қайырымдылығын баса айтқым келеді, - деді «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА.

Ембілік мұнайшылардың жалақылары есебінен жиналған қаражат өзге атыраулықтардың Мақтарал ауданы тұрғындарына жіберетін кезекті гуманитарлық көмегіне қосылады.

ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БАЛАЛАРЫ!

Сіздерді келе жатқан 1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен және көптен күткен жазғы каникулдың басталуымен шын жүректен құттықтаймыз. Каникул кезінде уақыттарыңызды көңілді және тиімді өткізу үшін **«Менің бақытты балалық шағым!»** атты дәстүрлі шығармашылық байқауды жариялаймыз.

Биыл байқау онлайн форматында өтеді. Байқауға ұсынатын шығармашылық жұмыстарыңызда бүгінгі күнгі өмірлеріңіз, мұнайлы Ембіде қызмет ететін ата-аналарыңыз, 1941-1945 жылдары болған Ұлы Отан соғысында жеткен жеңіске отбасыларыңыздағы аға буын өкілдерінің қосқан үлесі туралы баяндай аласыздар.

Байқау 3 номинация бойынша өтеді:

- **«Менің әкем/анам – Ембі мұнайшысы»** номинациясында ата-аналарыңыздың қызметі, күнделікті жұмысы туралы ойларыңызды көрсетулеріңіз керек.

- **«Батырлар ерлігі – мәңгі есімізде»** номинациясында соғысқа қатысқан немесе тылда еңбек еткен ата-әжелеріңіздің ерліктері туралы баяндай аласыздар.

- **«Карантин бізге не үйретті?»** номинациясында карантин басталған кезеңнен бастап үйренген істеріңіз, бос уақыттарыңызды ата-аналарыңызбен бірге қалай өткізіп жатқаныңыз туралы жан-жақты баяндауларыңыз керек.

Байқаудың шарттары:

Байқауға 5 мен 15 жас аралығындағы бала-

Сіздерге байқауда жеңіс және қызықты каникул тілейміз!

лар қатыса алады. Байқауға ұсынылған шығармашылық жұмыстар қазақ және орыс тілдерінде, әртүрлі жанрда – мақала, репортаж, фоторепортаж, сурет, бейнеролик (телефонға түсіруге болады) түрінде қабылданады. Балалар өздерінің шығармашылық жұмыстарына өмірбаянын (бала туралы қысқаша деректер: нешінші сыныпта оқиды, мекенжайы, т.б.) қоса жолдаулары тиіс. Сонымен қатар, баланың аты-жөні, «Ембімұнайгаз» АҚ-да қызмет ететін ата-анасының аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы анық көрсетілуі қажет.

Байқау жұмыстары 2020 жылдың 26 мамыр – 3 тамыз күндері аралығында қабылданады. Жеңімпаздарды марапаттау шарасы тамыз айына жоспарланып отыр.

Байқауға түскен шығармашылық жұмыстар жас ерекшеліктеріне қарай үш топпен бағаланады:

5-9 жас аралығындағы «Үздік жұмыс»;

10-12 жас аралығындағы «Үздік жұмыс»;

13-15 жас аралығындағы «Үздік жұмыс»;

Шығармашылық жұмыстарды G.Karajanova@emg.kmgep.kz, A.Ertleuova@emg.kmgep.kz электронды пошталарына немесе +77014472137 WhatsApp нөміріне жолдай аласыздар.

Байқауға түскен үздік шығармашылық жұмыстар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның корпоративтік «Ембі тынысы» газетінде, Компанияның www.emba.kz сайтында - және әлеуметтік желілеріндегі (Facebook, Instagram, Youtube) ресми парақшаларына орналастырылады.

ДОРОГИЕ ДЕТИ СОТРУДНИКОВ АО «ЭМБАМУНАЙГАЗ»!**Условия конкурса:**

Поздравляем вас с наступающим Международным днем защиты детей и началом долгожданных летних каникул! Чтобы время на каникулах прошло весело и плодотворно, мы объявляем наш традиционный творческий конкурс **«Мое счастливое детство!»**.

В этом году, конкурс будет проводиться в онлайн-формате, а в своих творческих работах мы предлагаем рассказать о вашей жизни сегодня, о родителях - работниках нефтяной Эмбы и вкладе старшего героического поколения ваших семей в победу в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.

Работы на конкурс будут приниматься по 3 номинациям на ваш выбор:

- В номинации **«Мой/я отец/мать – работник Эмбы»** вы можете поделиться с нами видением о работе ваших родителей.

- В номинации **«Вечная память – героям войны»** мы ждем от вас творческие работы о подвигах на фронте и в тылу ваших прабабушек и прадедушек.

- В номинации **«Чему меня научил карантин?»** поделитесь с нами, какие новые знания и навыки мы приобрели с начала объявления карантина, как вы проводите досуг дома, и какие совместные занятия с родителями вам нравятся больше всего.

Для участия в конкурсе приглашаются дети в возрасте от 5 до 15 лет. Творческие работы, представленные на конкурс, принимаются на русском и казахском языках в любом жанре – тексты, видео и фото-репортажи, рисунки, видеоролики (допускаются съемки на мобильные телефоны). Конкурсные работы принимаются с 26 мая по 3 августа 2020 г. Их следует направить на электронные адреса: G.Karajanova@emg.kmgep.kz, A.Ertleuova@emg.kmgep.kz, либо по номеру WhatsApp: +77014472137. Все работы необходимо сопроводить информацией о себе – полностью указать фамилию имя и отчество, домашний адрес, контактные данные, номер школы и класса, место работы и должность родителей – сотрудников АО «Эмба-мунайгаз».

Объявление итогов конкурса и награждение победителей запланированы на август месяц. Работы по каждой номинации будут оцениваться в трех возрастных категориях:

«Лучшая работа» в возрасте от 5 до 9 лет;

«Лучшая работа» от 10 до 12 лет;

«Лучшая работа» от 13 до 15 лет;

Все творческие работы будут опубликованы в корпоративной газете «Ембі тынысы», размещены на корпоративном сайте – www.emba.kz и официальных страницах Компании в социальных сетях (Facebook, Instagram, YouTube).

Желаем победы в конкурсе и замечательных каникул!

Жаңа экологиялық кодекс біз үшін қандай болмақ?

Қазақстандық жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың қызу талқысында жүрген құжаттың бірі - жаңа экологиялық кодекстің жобасы. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Үкіметтің отырысында жаңа экологиялық кодекстің жобасын ұсынды. Жобаның бізге әсері қандай болмақшы деген сауалға көшпес бұрын, бұл құжаттың осыған дейінгі жобадан айырмашылығы қандай, соны саралап көрейік.

Жаңа экологиялық жобада 7 мәселеге басымдық беріп отыр:

- ✓ Ластаушы төлейді және түзетеді;
- ✓ қоршаған ортаға әсерді бақылайтын жаңа тәсілдер енгізіледі;
- ✓ кәсіпорындарда ең жақсы деген озық технологиялар енгізіледі;
- ✓ экологиялық іс-шаралар үшін эмиссия үшін төлем төлеу;
- ✓ қалдықтарды басқаруды жетілдіру;
- ✓ шығындарды автоматтандырылған мониторинг жүйесін құру;
- ✓ экологиялық бақылауды күшейту;

Министрлік мамандарының алға ұстап отырғандары «ластаушы төлейді, түзетеді» қағидасын енгізген өркениет елдерінен қалмауымыз керек, біз бұл жобаны солардың тәжірибесіне сүйене отырып жасадық» дейді. Бұл қағида Еуропа елдерінде 1972 жылдан бері қолданыста. Жасыратыны жоқ, «озық технологияларды енгізген кәсіпорындар эмиссия үшін ақы төлеуден босатылады, енгізбегендерге эмиссия ставкасы еселене түседі» деген принциппен келе жатқан Еуропа елдерінде табиғатқа тасталатын қалдықтардың көлемі 94 пайызға азайған. Бірақ, Еуропа мен Қазақстанның бүгінгі жағдайын салыстыруға болар ма екен? Жаңа жоба отандық кәсіпорындарды мүлдем тұрала-тып тастамай ма? Ендігі әңгіме бағытын осы мәселеге бұрсaq.

Министрліктегі мамандардың айтарына құлақ түрсек, халықаралық стандарттарға сай жасалған жобада табиғатты пайдаланушы кәсіпорындарда («1-санаттыларға жататындар») автоматтандырылған жүйелерді орнатып, өндіріске ең озық технологияларды енгізу көзделген. Демек, 1-санаттағы кәсіпорындарда («Ембімұнайгаз» АҚ 1-санатқа жатады) қоршаған ортаға тасталатын шығындар түгелдей онлайн режимінде қадағаланатын болады. Мәселен, Ембі өндірісінен шығатын шығын көлемі автоматты түрде тексеруші органдарға «қолжетімді» болады. Өндіріс қалдықтарын тасымалдайтын транспорттарға GPS орнатылып, қанша қалдық шығарылды, қандай қалдық шығарды, қаншасы жерге төгілді т.б. Кәсіпорынның тексеруші органдар алдында үнемі есеп беріп отырулары міндеттеледі. Осы жерде айта кету керек, шығынға орай төленетін айыппұл көлемі 1 жылдан 3 жылға дейін өсіп отырмақшы. Бірінші жолы айыппұл 2 есе төленсе, 2-жолы 4 есе, 3-жолы 8 еселеніп төленбекші. Яғни, экологиялық құқық бұзғандары үшін 1-санаттағы кәсіпорындарға әкімшілік айыппұл еселене са -



лынбақшы. Демек, айыппұлдан көз аша алмаймыз деген сөз. Бұл «1-санаттағы» кәсіпорындардың тұралап қалуына әкеліп соғады. Қарапайым тілмен айтсақ, кәсіпорын шығынға белшесінен батып, оның соңы қысқартуларға апаруы әбден мүмкін.

Аталмыш министрлік Үкімет алдындағы өздерінің есептерінде ауаны ластайтын кәсіпорындардың жауапкершілігін күшейтеміз деп, «жоба іске қосылғанда біздің ел 2025 жылға қарай қалдықтардың көлемін 30 пайызға дейін қысқартып, 180 млрд. теңгеден астам қаражатқа инвестиция тарта аламыз» деген деректерді алға тартады. Әрине, айтуға бәрі жақсы. Алайда, осы деректердің артында бірнеше мыңдаған адамды жұмыспен қамтып отырған отандық компаниялардың ертеңгі болашағы тұр. Жалпақ тілмен айтсақ, банкрот тұр.

Әрине, отандық кәсіпорындар еліміздегі экологиялық қауіпсіздікті жақсы сезінеді. Экологиялық кодексті жаңарту – заман талабы екенін де жақсы түсінеді. Тек, бұл өзгерістерге әзірге отандық кәсіпорындар дайын емес. Сол үшін де ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінен экологиялық реформа жасауды кейінге қалдыруды сұрайды. Жаңа жобаны толық зерттеп, онда айтылған мәселелерді жан-жақты анықтауға 1 жыл уақыт берулерін сұрайды. Ал, аталмыш министрлік осы жылдың желтоқсан айында экологиялық жобаны бекіту үшін Парламентке жолдамақшы.

Бүгінгі таңда 2025 жылға дейін 1-кезеңмен экологиялық кодекс қойып отырған талаптарды орындауға тиісті мекемелер қатарына ҚМГ-ға қарасты 14 кәсіпорын еніп отыр. ҚМГ басшылығы осы уақытты сәл кейінге шегеріп, 2031 жылға дейінгі 2-кезеңге кіруге мұрсат сұрайды. Себебі, елдегі қазіргі экономикалық жағдай көптеген кәсіпорынға ауыртпалық әкелуде. Экологиялық кодекстің талаптарын толық сақтауға көптеген кәсіпорын дайын емес. Сондықтан да, 2020 жылдың желтоқсан айында Парламентке жолданатын ҚР Экологиялық кодексінің жаңа жобасын әзірге кейінге қалдыра тұру - отандық компаниялар үшін өте өзекті мәселе. Бүгінгі таңда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ осы жәйттарға білек сыбана кірісіп, тиісті органдарға өздерінің ұсыныстарын жолдауда.

Бұл жерде бірнеше мыңдаған қазақстандықтың тұрақты жұмысы, әлеуметтік жағдайы, келешегі қандай болмақ деген мәселе алға шығуда.

Зейнетақы жинақтарына тұрғын үйді сатып алу мүмкіндігіне кімдер ие?

Баспаналы болу – әр адамның басты арманы. Әрине қазіргі заманда үй алудың түрлі жолдары бар. Мемлекет те бұл жағынан түрлі жеңілдіктер қарастырған. Дегенмен де, облыс, аудан орталығынан, мегаполис қалалардан пәтер алу әлі де болса оңай шаруа емес.

2019 жылдың 1 желтоқсанындағы мәліметтерге қарағанда, еліміздегі Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы қорындағы қаржы көлемі шамамен 10 432,6 млрд теңгеге жеткен. Бұл қорда 9 874 120

адамның есепшоты бар. Өткен жылғы таза инвестициялық кіріс 600,5 млрд теңгені құрады. Енді шынында осы қаржыны, нақтырақ айтсақ, еліміздің әр азаматы өз зейнетақы қорында жинақталған қаржысын әлеуметтік мәселелерін шешуге жұмсай ала ма? Біз осы мәселеге көз жүгіртіп, қарапайым тілде түсіндіріп көруге тырыстық.

Қандай жолды таңдағанымыз дұрыс?

Міне, осы мәселені зерттеп, зерделеу үшін үкімет тарапынан 25 адамнан тұратын жұмыс тобы құрылып, олар өз ұсыныстарын айтып отыр. Ең алдымен еліміздің әр азаматы жинақталған зейнетақы қорындағы қаржысын тұрғын үй немесе ем алу үшін жұмсауға, сондай-ақ, зейнетақы активтерін басқарумен айналысатын жекеменшік компанияларға инвестиция ретінде беруіне мүмкіндігі бар. Бірақ зейнетақы қаржысы есебінен тұрғын үй сатып алу немесе қымбат тұратын емге ақша төлеу ашық түрде жүргізіледі. Яғни, бұл қаржылар тұрғын үй және денсаулық сақтау саласындағы өкілетті институттар арқылы өтеді.

Сонымен адамдар өз зейнетақы қорындағы ақшаны пайдалануы үшін оның «жас шегін» белгілеу керек. Сосын ақшаның да шекті сомасы бар. Бірден айту керек, қордағы ақшасын кез келген адам пайдалана алмайды. Оның да өз тәртібі бар. Мысалы, азамат зейнетақы жарнасын жоғарыда айтылған мақсатқа жаратқысы келсе, 30-ға келген ер адамның қордағы қаржысы 6,7 млн теңгеден кем болмауы керек. Ал, әйелдердің ақшасы 9,7 млн теңгеден кем болмауы керек. Яғни, сіздің зейнетақы қорындағы ақшаңыз осы көлемнен асқан кезде ғана жинақталған қаржыны пайдалануға мүмкіндігі бар. Онда да ер адам 6,7 млн, әйел адам 9,7 млн теңгеден асқан ақшасын ғана алуына болады. Осылайша, 50 жастағы азаматтың жинағы 7,2 млн теңгеден, зейнет

жасына жеткен азаматтың жинағы 8,2 млн теңгеден асуы керек. Сонда олар осы сомадан артық қаржыны ала алады. Яғни, ақшаны есепшоттан алу адамның жасына да байланысты. Ер адам 30 жаста болса, оның 63-ке дейін ақша жинайтын тағы 33 жыл мүмкіндігі бар. Қазақстанда ерлер 63 жаста,

әйелдер 59,5 жаста зейнетке шығады. Егер ерлер 30 жаста 6,7 млн әйелдер 9,7 млн теңге жинап қойса, онда өмірінің соңына дейін ең болмағанда минималды зейнетақыны алуына мүмкіндігі бар. Сондықтан, қал-

ған ақшаны тұрғын үйге, емге, тағы басқа қажеттіліктерге жұмсауға рұқсат берілмек. Минималды зейнетақы сомасы елімізде 38 636 теңгені құрайды. Ал, әйелдерге тиесілі сома не үшін жоғары? Мұның себебі әйелдердің ұзақ өмір сүретіндігімен түсіндіріледі. Статистика мәліметтеріне қарағанда, әйелдер зейнет жасына жеткеннен кейін орта есеппен 22 жыл, ерлер 17 жыл өмір сүреді. Яғни, әйелдердің өмір сүру ұзақтығы ер азаматтардан 5 жылға көп.

Шекті сомадан асатын қаржыға ие қанша қазақстандық бар?

Енді зейнетақы қорына миллиондаған теңгені жинаған яғни, қаржысының көлемі шекті сомадан асатын қанша қазақстандық бар? Қолда бар деректерге сәйкес, Қазақстанда 113 мың адамның осы шектен асатын ақшасы бар екен., Салымшылардың 84 пайызының шотындағы ақша 2 млн теңгеден аспайды. Оның үстіне жасыратыны жоқ, ауылдағы ағайындардың көбісі тұрақты жұмыс істемегендіктен, зейнетақы қорына тұрақты түрде ақша аудармайтыны да белгілі. Мұны БЖЗҚ басшылары да мойындап отыр. Қазақстанда 9,9 млн жуық адамның зейнетақы есепшоты болса, соның 6,5 миллионы ғана жыл сайын кем дегенде бір рет шотына ақша аударады екен. Әрине, үкіметтік жұмыс тобы бұл мәселедегі шекті соманы мейлінше азайтуды қарастырып жатыр екен. Өйткені, дәл қазіргі талаппен зейнетақы қорындағы қаржыға баспана алу мүмкін болмай тұрғаны жасырын емес. Сарапшылар қартайған кезде жақсы көлемде зейнетақы алу үшін қорға 35-40 жыл үздіксіз ақша салып отыру қажет екенін айтады. Ал, біздің елдегі зейнетақы жүйесінің пайда болғанына 21 жыл ғана болды. Осы және ел тұрғындары табысының аздығы, жұмыссыздық, зейнетақы қорына тұрақты түрде ақша сала алмауы - осының бәрі бұл бас-тамаға қолбайлау болуда.



«Уақытты пайдалы іске арнадым»

Әлемді жайлаған коронавирус дертінен сақтанудың бірден-бір жолы үйден шықпай отыру екенін жақсы түсіндік. Өзіміздің денсаулығымыз, отбасымыздың амандығы үшін жасалып жатқан сақтық шарасы ғой, барлық талаптарды сақтадық. Әр нәрсенің бір жақсы жағы бар екенін ескерсек, үйде оқшаулану өз басыма тиімдірек болды. Үйде отырып, бұрын айналысуға уақыт таппаған көптеген пайдалы нәрсемен шұғылдандым. Бұрын жұмыс, одан қалды күйбің тіршіліктің шаруасынан мүмкіндік бола бермеген біраз шаруаны реттеп алдым. Үйренген жаңалығым да бар.

Атырау қаласында тұратын болсам да, карантин кезінде Қызылқоға ауданының Жамансор стансасында тұратын ата-анамның қасында болдым. Менімен бірге үш балам да карантин режимін ата-әжелерімен бірге өткізуде.



Ең алғаш тігілген киім – балаларымның мектеп формасы

Балаларым мектеп оқушылары, мектеп бағдарламасын үйде отырып, қашықтықтан оқыды. Алдымен сабақ қарайтын уақытымызды белгілеп алдық. Қыздарым: Азиза - 9-сыныптың оқушысы, ал, Аружан, 8-сыныпта оқиды. Екеуі де үздік оқушылар қатарынан. Олар күнделікті сабақтарын өздері дайындап, маған салмақ салмады десем болады. Күн сайын сағат 8.30-13.00 аралығында Азиза мен Аружан екі бөлмеде отырып, өздеріне берілген тапсырманы орындайды. Мен 6-сыныпта оқитын ұлым Асардың сабағына көмектестім. Ұл бала, ойын баласы дегендей, алаңдап кете бере-

тіні түсінікті ғой. Сондайда қасында сабақ дайындау уақытын дұрыс қарап отыратын жауапты адамның болуы керек болды. Атасы да үнемі Асардың сабағына ерекше назар аударып отырды. Күнделікті сағат 14.30-19.00 аралығында ұлымның сабағына көмектестім. Яғни, күн сайын біраз уақытымыз сабақ қарауға кететін. Қалған уақытымды өзімнің сүйікті хоббиім - іс тігуге арнадым. Бұрын да іс тігуге бейімділігім бар еді, карантин кезінде оған ерекше ден қойдым.

Жалпы, маталар дүкенін аралағанды ұнатамын. Әсіресе, денеге қонымды әрі жұмсақ келетін шыт, велюр маталарын өзіме жақын санаймын. Жамансор стансасында мата дүкені жоқ, сондықтан қалаға барғанда өзіме ұнайтын маталардан көбірек алып қоятын әдетім бар. Сол әдетімнің пайдасы тиді, карантин режимінде далаға шықпастан, үйдегі бар маталарымнан іс тіктім. Өзіме үш көйлек, анама бір көйлек тіктім. Сонымен қатар, шыт матадан маска тігіп, ауылдастарыма тараттым.

Іс тігуден өзге жаңа тағам түрлерін айындауды да үйрендім. «Синнабон» деп аталатын бөлке нан түрін дайындауды меңгердім. Құрамын және дайындау жолдарын интернеттен қарадым да, өзіме ұнаған соң қолға алдым. Алғашқы дайындауымнан-ақ бөлке өте дәмді шықты. Ата-анама, балаларыма ұнаған соң, ауылда бірге тұратын ағайындарым үшін дайындап, ауыз тигіздім. Тағамды ұнатқан ауылдастарым дайындап беруімді өтінген соң, біраз уақытымды синнабон бөлкесін дайындауға арнадым. Бұдан өзге тәтті тағамдардың біразын жасап үйрендім. Интернет арқылы «Құмырсқаның илеуі» деген торттың дайындау жолдарымен танысып, өз алдыма дайындап көріп едім, бірден жақсы шықты.

Қысқасы, карантин мезгілінде уақытымды пайдалы істерге арнадым. Жаңа кәсіптерді меңгердім. Қазір жұмыстамын, Компаниядағы жедел штабтың ұйғарымымен вахта ауысымы басталып, әріптестеріммен бірге жұмысқа шықтым. Вахтадағы еңбектен кейінгі демалыс уақытында сүйікті кәсіптерімді қолға алып, жалғастырмақшымын.

Мейрамгүл КУЖБАНОВА,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ қолданыстағы
құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау
бөлімшесінің құрал-сайманшысы.

А Н Ы Қ Т А М А :

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е. Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, **blog_emg@emg.kmgerp.kz** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ
Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі
Бас редактор: А. Ертлеуова
Газет айына 2 рет шығады (электронды форматта).
Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:
Л.Сүлейменова - L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz
Ғ.Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmgerp.kz
А.Ертлеуова – A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz
А.Хаменова – A.Khamenova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:
С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
Г.Шарафетдинова – қызметкрелерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;
Ә.Каримов – келешекті дамыту департаментінің директоры;
Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.